



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Малый бизнес и предпринимательство обладает потенциалом, который способствует переходу нашей страны к свободному рынку. В настоящее время, казахстанская экономика и социальное развитие государства в большинстве случаев зависит от крупных, регулируемых в основном государственным предприятием, а роль малого бизнеса в данном процессе очень мала. Поэтому очевидно, что этот сектор должен получить большое внимание, участия и поддержки со стороны правительства, научных кругов и различных международных источников.

Основные препятствия и проблемы МБ в РК связаны с отсутствием диалога о предпринимательских правах между представителями МБ и государственными органами, высокими налогами, проблемами в банковской и финансовой системе, государственным регулированием, бюрократией, коррупция и тд.

В своей речи на заседание Совета предпринимателей при Президенте РК. Президент отметил, что поддержка предпринимательства обретает новую динамику, соответствующую стратегическим целям государства.

Список использованных источников:

1. Выступление Президента РК на заседании Совета предпринимателей 10.02.2016г.
2. Налоговый Кодекс РК (с изменениями и дополнениями на 1 января 2018г.)
3. www.economy.gov.kz – официальный сайт Министерства Национальной экономики Казахстана.
4. www.stat.gov.kz – официальный сайт Комитета по статистике РК
5. www.online.zakon.kz-информационная система Параграф

УДК 336.24

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА АУДАРМА БОЙЫНША ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ШЕШІЛМЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Исатаева Риза Бейбитқызы

r.isataeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және аудит» 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Бекболсынова

Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жүйелердің барынша бөлімдерінің бірі – зейнетақы жүйесі. Бүгінгі таңда, зейнеткерлердің жинақтаған қорларының зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіздігі, демографиялық мәселелердің толық қанды шешілмегендігі, өмір сүру ұзақтығының және еңбек ақы төлеудің әр түрлілігі, ерлер мен әйелдердің зейнетақы мөлшеріндегі айырмашылықтары қазіргі кездегі шешімін таппаған өндірістегі мүгедектік мәселелердің болуы және зейнетақымен қамтамасыз ету түрлерінің өзгеруінің барлығы да – мемлекет тарапынан дұрыс реттеуді қажет ететін әлеуметтік-экономикалық мәселелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз етудегі қайта құру мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз етудегі шеңберінде түпкілікті өзгеріс жасауды қажет етеді. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген, ұрпақтардың ынтымағы принципіне негізделген зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі іс жүзінде өзінің мүмкіндіктерін тауысты. Зейнетақы қорының қаржы жағдайының дағдарысы түбегейлі өзгерістерді және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне шұғыл реформалар жүргізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаған “Қазақстан – 2050” Жолдауында [1] “Барлық қазақстандықтардың гүлденуінің, қауіпсіздігінің және дамуының басым бағыттарының бірі — халықтың материалдық және әлеуметтік өмір сүру

деңгейін жақсарту” деп атап өтті. Әлемнің тиімді дамып келе жатқан 30 елінің қатарына енуі үшін мемлекет халықты зейнетақымен қамтамасыз етудің деңгейі мен сапасын жақсарту нәтижесінде Қазақстан азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасауы тиіс. Ол үшін халықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайларының маңызды құраушыларының бірі — Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы қорлары әрі қарай қарқынды дамып, зейнетақы жүйесі бәсекелестікке қабілетті болуы керек.

Бұл Қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджеті туралы» Заңына сәйкес, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап мөлшері ең төмен зейнетақы 33 745 теңгені, ал базалық зейнетақы 15 274 теңгені құрайды. Еңбек еткен жылдары мен жасы бойынша 2018 жылдан бастап зейнетақы көлемі 8 пайызға артты.

Яғни 2018 жылдың 2 қаңтарынан бастап, базалық зейнетақыны қосқанда минималды зейнетақының мөлшері 49 019 теңге болмақ. Бұл зейнетақы қазіргі уақытта елімізде зейнет жасында отырған 2 миллион зейнеткерге беріледі.

Сонымен қатар жаңалықтардың тағы бірі – 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнетақы жүйесінде қатысуына қарай базалық зейнетақы жаңа әдіспен есептелмек.

Нақтырақ айтқанда, егер еңбек өтілі 10 жыл немесе одан да көп болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 54 пайызға артық болады. 10 жылдың үстінен әр жыл сайын оның мөлшері 2 пайызға көбейіп отырады. Ал еңбек өтілі 33 жылдан асса, зейнеткерге ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100 пайыздық мөлшері беріледі. Осыған байланысты, барлық зейнеткерлер үшін 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны бір жолғы қайта есептеу жүргізіледі. Оның қорытындысы бойынша зейнеткерлердің 44,1 пайызы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100 пайыздық мөлшерін, ал 44,5 пайызы 74-тен 100 пайыздық мөлшерін алатын болады деп күтілуде. [2]

Зейнетақы жарнасы қазіргі кезеңде салымшылардың нақты зейнетақысын көбейтуге және ел экономикасын инвестициялауға бағытталған екі қызметті атқаруда.

Аталған жетістіктермен қатар, зейнетақы қайта құрулардың әдістемелік есептеулерде жіберген қателіктер де болды. Атап айтқанда, 1998 жылдан бастап қосылған құн салығы, табыс салығы сияқты салықтар қатарына еніп кеткен біріңғай әлеуметтік салықтың (БӘС) енгізілуінде болып отыр.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің бүгінгі күндегі маңызды кемшілігі – жоғары дәрежедегі зейнетақымен қамтудың болмауы. Қазіргі таңда зейнетақы мөлшері халықтың өзекті мәселесіне айналған. Нарыққа сай барынша жоғары болмай отыр және азаматтардың еңбектік салылымы дұрыс ескерілмеген. Бұл ҚР Президентінің жолдауындағы: “Зейнетақының мөлшеріндегі бұрынғы еңбек үлесіне сүйеніп анықталатын табысты шектеу өзгертілсін” деген ойымен де расталды.

Қазіргі кезде ірі Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры қызмет етуде. Мұндай қорлардың сәтті қызмет етуі, салымшыларының санына тікелей байланысты.

Бұрын мемлекет зейнетақы төлеуді өз мойнына алса, қазір әрбір адам өзінің кәрілік жағдайын қамтамасыз етуге жеке өзі жауапты. Әрине, бұл өзгерісті көпшілік қауым салқын қабылдап, бұрын алдап кеткен қаржы пирамидаларымен теңестірді.

Айта кетерлік жайт, ақпарат құралдарында зейнетақы жүйесі туралы ақпарат тұрақты жариялануының және осы туралы пікір сайыстардың нәтижесінде, қазір көпшілік бұл жүйеге біраз сенімділік танытып, оны өзінің кәрілігін қамтамасыз етуінің негізгі жолы ретінде қабылдап жатыр.

2018 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 7,8 трлн. теңге болды

2018 жылдың 1 ақпанына қарай шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке [зейнетақы](#) шоттарының (ЖЗШ) саны 10,1 млн бірлік, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 9,62 млн бірлік болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) есепке алу бойынша салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ

саны 444 мың бірлікті, ал ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу (ЕЗЖ) бойынша – 39 мың бірлікті құрады.

2018 жылдың қаңтар айында зейнетақы жарналары бойынша түсімдердің жалпы сомасы 65,3 млрд теңге болды. 2017 жылмен салыстырғанда бұл 4,5 млрд теңгеге артты. Яғни, өсім 7 пайызды құрайды.

Зейнетақы жүйесінде болғанына 16 жылдан асқан, зейнеталды жасындағы ерлердің зейнетақы жинақтарының орташа сомасы шамамен 2,6 млн теңгені, ал әйелдерде – шамамен 2 млн теңгені құрады. Зейнетақы жарналарын тұрақты түрде аударатын (жылына 9 реттен кем емес), зейнеталды жасындағы ер азаматтардың жинақтарының сомасы 3,3 млн теңгеге жуық болса, әйелдерде шамамен 2,3 млн теңгені құрады.

2018 жылдың 1 ақпанына қарай [БЖЗК](#) салымшылары мен алушыларының жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 9,8 млрд теңге болды. Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 0,13 пайызды құрады.

Алайда, Зейнетақы қорында табыстармен қатар инвестициялық және қаржылық сүрінулер де көрінеді. Бұндай сүрінулерге көптеген проблемалар туындатты. Оларға тоқталмас бұрын, Зейнетақы қорының бір функциясына назар аударайық: зейнетақы қорының функциясы ретінде инвестициялық функцияны айту керек.

Зейнетақы қорының инвестициялық функциясы- халықтың қорға салған ақшаларын айналымға жібереді. Бұл міндетті функция болып табылады, өйткені салушының қазіргі салған ақшасы келешекте инфляция мен девальвацияның әсерлерінен құнсызданып қалады.

Сондықтан, салушының айналымынан түскен қаражатты келешекте салушының өзіне процент ретінде бастапқы жылдық салымға қоса төлейді. Қорда 2 комиссия жұмыс істейді:

- Бірінші комиссия бастапқы зейнеткерлік активтердің 0,27 пайызын ұстап қалады.
- Екінші комиссия инвестициялық түсімнен түскен қаражаттардың 5,25 пайызын ұстайды. Бұл комиссиялық ұсталымдар қордың әкімшілік шығыстарына, қызметкерлерге жалақы төлеуге, ұлттық қоға кететін ақшалар және де өзге де шығыстарға жұмсалатын қаражаттар ретінде алынады.

Ағымдағы жылдың статистикасына сүйенсек, осы алымдардан Зейнетақы қорға жалпы комиссиялық алымдардан 42 млрд теңге түсті.

Инвестициялық функция ретінде Ұлттық Банктің бақылауымен БЖЗК көптеген салаларға ақша қаражаттарын құяды. Бірақ, осындай инвестициялар Қазақстанда экономикалық проблемаларға әкеліп соқты. Осы проблемаларға мысал келтірсек:

1. Қазақстандықтардың зейнетақы жарнасы жинақталатын қордағы 225 миллион доллар қаржысын Әзербайжан Халықаралық Банкіне құйған қаражат;
2. 2016 жылдың соңында БЖЗК басшысы “Бузгул Аурум” ЖШС-ға 5 млрд теңге (15 млн АҚШ доллары) аударған. Қор бұл қаражатқа алтын қазу компаниясынан жылдық мөлшері 19 пайыз болатын құнды қағаздарды сатып алған. Бұл келісімге Ұлттық банк басшылығы күдікпен қарап, нәтижесінде қаржы реттеушісінің өкілдері құқық қорғау органдарына арыз түсірген еді.
3. АҚ «Имсталькон» бразилиялық компаниясының облигацияларын БЖЗК 3,4 млрд теңгеге сатып алды. Алайда осыдан кейін АҚ «Имсталькон» 2016 жылдың сәуір және тамыз айларында төлемақы негіздерінде дефолт жіберген болатын[3].

Осылардың ішіндегі ең көп дау көтерген мәселелердің бірі- Әзербайжан Халықаралық Банкіне 225 млн доллар көлемінде құйған инвестиция. Алайда, бұл банк банкротқа ұшырағаны туралы баспасөз деректеріне жариялады. Сондықтан, Зейнетақы қорының саған ақша қаражаттарын қайтару мүмкен емес екендігі белгілі болды. Яғни, осы салада проблемалардың бірі болып Зейнетақы қорының тиімсіз салаларға ақша құюы.

2014 жылдың 1 сәуірінде БЖЗК дебиторлық берешектерінде 32 проблемалық эмитенттерінің 161,45 млрд теңге сомасында қарыздық облигациялар тіркелген. Осы дебиторлық берешектердің:

- 13 эмитенттеге БЖЗК пайдасына соттық үкім шығарылды, бірақ қаражаттар әлі қайтарылған жоқ. Жалпы сомасы: 8,9 млрд теңге

- 5 эмитенттер өздерін банкрот болғанын жариялады. Жалпы сома: 15,05 млрд теңге
- АҚ «Имсталькон» және АҚ «Қазақстан Газы» қайта өзіндік қаржыландырудан өтті. Олардың жалпы дебиторлық берешегі 15,9 млрд теңгені құрады.

Келесі проблемалардың бірі болып басшылықтың өкілеттілігін жеке мақсаттарда пайдалану болып табылады. Осы мәселеге тоқтала кетсек, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның басшылығы тұтқындалды[4]. БЖЗҚ-ның басқарма төрағасы Руслан Ерденаев және оның бір орынбасары ұсталынды. Бизнесмен БЖЗҚ-дан алған 5 миллиард теңгені жеке пайдасына жұмсаған. Жыл басында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласындағы департаменті БЖЗҚ-ның құны 5 млрд теңге болатын келісімшартын тексерген болатын.

Бұл мәселелер мемлекеттің дұрыс жұмыс атқармауынан, жауапкершіліктің жоқтығынан, құзыреттілікті жеке мақсаттарда қолдану, жемқорлықтың үстем болуы, заңның барлық жағдайларда басымды болмауынан туындап, мемлекетке, халыққа, экономикаға үлкен зардабын тигізіп жатыр.

Жалпы осы пайда болған көптеген проблемаларды шешу қажет. Өйткені қазіргі кезде еліміз үлкен зардаптар кешіп отыр. Қазақстан Республикасының бәсекелестік елдер рейтингісінің 57-ші орнына түсіп кетуіне себептерінің бірі осы зейнетақы қорының мәселесі болуы ықтимал. Бұндай мәселелерді шешудің жолдары ретінде бірнеше ұсыныстарды атап өтсем:

1. Көптеген қаржылық реформалар жасап, Заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Бұл аспектіге тоқталсақ, елдің экономикалық өсімі мен заңның үстемдігі арасында бацланыс бар. Экономикалық өсім деңгейі тікелей заңның үстемдігіне тәуелді. Осыған орай, Freedom House ұйымы 195 мемлекеттерді 3 категорияға бөлді: «еркін», «жартылай еркін» және «еркін емес елдер»[5]. Әзірше, Қазақстан Республикасы еркін емес елдердің қатарында. Бірақ, егер мемлекетте заңның үстемдігі орын алса, экономикалық өсім байқалып, соның ішінде зейнетақы қорында дұрыс шешімдер қабылданып, шешілмеген мәселелерді жояды.

2. Қазақстанда зейнетақы қоры нарығында бәсекелестік орын алу қажет. Еске сала кетсек, Қазақстанда 15 жеке зейнетақы қорларын жауып, Бірыңғай жинақ Зейнетақы қорын ашқан болатын. Яғни, бәсекелестіктің көзін жойып, мемлекеттік монополияға жол ашқан болатын. Монополист болған жерде тәртіп болмайды. Осының салдарынан көптеген проблемаға көз жеткізіп отырмыз. Олардың біреуі- Әзербайжан Халықаралық Банкіндегі оқиға. Осыған орай, бұл нарыққа көпойыншылар қажет, бәсекелестікті дамыту қажет. Бәсекелестікті дамыта отырып, біз көптеген проблемаларды жойып қоймай, оларды тіпті болтыртпауға болады[6].

3. Соңғы оқиғаларға байланысты үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп зейнетақы қорына арналған реформалардың жаңа нұсқасын жасау қажет. Және де жасап қана қоймай, оны заңның үстемдігімен қамтамасыз ету қажет.

4. Қазақстан Республикасының зейнетақы қорының жасайтын операциялық және қаржылық іс-әрекеттерін бақылайтын орган құру қажет. Қазіргі уақытта БжЗҚ 100 пайыз акциялары Ұлттық Банктің қарамағында және барлық операциялар осы қаржылық институт арқылы жасалынады. Ал егер осымен қатар мемлекеттік орган ретінде бақылайтын ұйым болғанда, заңның үстемдігі арқылы ақша қаражаттарының дұрыс жұмсалуы, дұрыс пайдалануы жүзеге асырылушы еді.

5. Қазақстан Республикасының БжЗҚ акцияларының 100 пайызын Ұлттық Банк иеленген. Осыған орай, БжЗҚ акцияларын монополистік түрде иеленбеу керек. Зейнетақы қорында Ұлттық Банк емес, акцияларды иеленетін көптеген инвесторлар мен акционерлер болу қажет. Осыдан басшылар отырысы пайда болады және белгелі бір салаларға инвестиция салу керек пе, керек емес пе екендігін ақылдасып шешіп отырады. Бұл дұрыс деген көзқарас қалыптасады. Өйткені инвестор өз қаржыларын пайда әкелсін деп салады. Сондықтан зейнетақы қорындаға барлық ақша қаражаттары дұрыс жолмен пайдаланады.

Жұмыс нәтижелерін қорытындылай келе, зейнетақыны реформалау жүйесінің болашағы барлығына көз жеткізілді. Себебі жүйеге қатысушылардың міндеттері мен

құқықтары, арасындағы байланыс жағдайлары, бір-біріне қатысты жауапкершілігі жан-жақты қарастырылып, ол заң жүзінде бекітілген. Зейнетақы жинақтарының толықтығы мен қауіпсіздігі жөніндегі ойластырылған механизмдер оның сақталуына кепілдік береді. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушы компаниялардың ынталы іс-әрекеті мен жауапкершілігі қарастырылған.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі өзінің даму мерзімінде бірқатар сұрақтар мен проблемалар туындатты, ол сұрақтар мен проблемеларды мемлекет кенеттен заңдарды өзгертумен байланысты реформалар жүргізу барысында өзі құрады.

Меніңше, қазіргі жағдайда барлық жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік қорға біріктіріп, бұрынғы ортақ жүйеге оралған дұрыс. Ал өз бетінше халықпен жұмыс істейтін қорлар қала берсін. Кепілдендірілген зейнетақының үстінен қосымша табыс тапқысы келетіндер сол қорларға өз еркімен салым салсын.

Қорлар үшін активтерді жұмсайтын, салымдарды бағыттайтын инструменттер жоқ деген әңгімелер көп айтылады. Себебі қорлар салымшылар қаржысын құнды қағаздарға ғана жұмсайды. Ал бұл өз кезегінде олар 5-10 жылда банкротқа ұшырамайды дегенге кепілдік бере алмайды.

Сондықтан ең дұрысы – зейнетақы қорларының активтері тұрғын үй құрылысы немесе жалға берілетін үй құрылысына бағытталсын. Мұндай жағдайда бір жағынан тұрғын үй мәселесі шешілсе, екінші жағынан жалға алу ақшасы кепілдендірілген табыс түрінде қорға түсетін еді. Зейнетақы жүйесін түптамырымен жойып, жаңа жүйені құрғанда ғана мәселе шешілмек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
2. <http://stan.kz/2018-zhyly-kazakstanda-zeynetaky-molsheri/>
3. «Егемен Қазақстан» баспасөз газеті
4. ҰБ баспасөз қызметі
5. <https://7kun.kz/88088-2/>
6. Қайырбек Арыстанбеков: зейнетақы нарығына көп ойыншылар қажет, сұхбат

УДК 452.5

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ АУТСОРСИНГА БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В КАЗАХСТАНЕ

Каирова Айман

danaeva73@mail.ru

Евразийский Национальный университет имени Л.Н.Гумилева., г.Астана., Республика
Қазақстан

Научный руководитель -Данаева Р.С.

Сегодня услуги аудиторских компаний считаются самым перспективным способом ведения бухучета небольших фирм или организаций, куда входят индивидуальные предприниматели, из-за отсутствия возможности или необходимости вводить должность штатного бухгалтера.

Одним из важных элементов в деятельности компании является грамотная организация ведения бухгалтерского учета и сдачи необходимой отчетности в контролирующие органы. В настоящее время у руководителей компаний имеется выбор. Можно вести бухгалтерский учет своими силами или нанять для этих целей стороннюю организацию. Это явление получило название – аутсорсинг.

Аутсорсинг (out — внешний, source — источник) – передача некоторых функций в деятельности организации сторонней организации за определенное вознаграждение.